

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚМҚК «ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ КОЛЛЕДЖІ» СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ

1514000 « Экология және жер қойнауын пайдалану салаларындағы
табиғи ресурстарды тиімді қолдану»

мамандығына арналған

**«Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету»
пәні бойынша базалық (тірек) конспектiлер**

Дайындаған оқытушы:

Мукажанова М.Ж.

Жалпытехникалық ПБ отырысында қаралды

Хаттама № 6 « 06 » 02. 20 19 ж.

ПБ аға оқытушысы  Беспалова С.В.

Семей қаласы - 2019 жыл

Базалык (тірек) конспектілер 2018 жылы бекітілген оқу жұмыс жоспарына және 2018 жылы бекітілген оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес құрылған.

Оқу бөлімімен қолдануға рұқсат етілген

ОІ жөнделеті ұрыс басыры  Минцаева Н.Т.



МАЗМҰНЫ

№	Тақырыптар атауы	Беттер
1.	Кіріспе. Жұмыс орнында техника қауіпсіздік ережесі	5
2.	1 бөлім. Microsoft Excel	
3.	Тақырып 1.1 Microsoft Excel бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері. Мәлімет қорын құру.	12
4.	2 Бөлім. Microsoft Word	
5.	Тақырып 2.1 Microsoft Word бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері	20
6.	3 Бөлім. ПК ЭРА	
7.	Тақырып 3.1 ПК ЭРА бағдарламасымен танысу	24
8.	4 Бөлім. MapInfo геоақпараттық жүйе	
9.	Тақырып 4.1 MapInfo бағдарламасының негізгі түсінігі	33
10.	Тақырып 4.2 Кесте құрлымын құру. MapInfo векторлық картаның қабатын құру.	37
11.	Тақырып 4.3 MapInfo бағдарламасында тақырыптық карта құру	40
12.	Тақырып 4.4 Ақпаратты шығару	46
13.	5 Бөлім. Corel Draw векторлық редакторы	
14.	Тақырып 5.1 Corel Draw бағдарламасымен негізгі жұмыс. Импорт. Векторизациялау	51
15.	Тақырып 5.2 Corel Draw стандарты бойынша геоэкологиялық картаны рәсімдеу	52
16.	6 Бөлім. Surfer геоақпараттық жүйесі	
17.	Тақырып 6.1 Surfer бағдарламасының негізгі түсінігі.	58
18.	Тақырып 6.2 Surfer-де қарқасты және қиюлы карта құру.	63
19.	Тақырып 6.3 Surfer-де үшөлшемді карта құру	66
20.	Тақырып 6.4 Surfer-де нүктелі карта және оверлей құру	70
21.	Тақырып 6.5 Сынақ	73
	Әдебиеттер тізімі және оқыту құралдары	76

Тақырып: Кіріспе. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздік ережесі

Мақсаты: Есептеуіш техника кабинетінде жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздігі ережесімен танысу

Құрал-жабдықтар: Дербес компьютер, интерактивті тақта

Жоспар:

1. Жалпы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар
2. Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі
3. Электр тоғымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету
4. Microsoft Power Point бағдарламасында «Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері» атты презентация жасау
5. Техникалық қауіпсіздік ережесі бойынша тест сұрақтарын құру

Жұмыс барысы:

Есептеуіш техника кабинетінде жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздігін сақтау оқушылар мен мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Аталған міндеттерді орындауда оқушы төмендегідей:

1. Жалпы ережелерді;
2. Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы;
3. Жұмыс жасау кезіндегі;
4. Апаттық жағдайдағы;
5. Жұмыс соңындағы талаптар мен ережелерді білуге тиіс.

Жалпы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар төмендегідей:

•Компьютерді тоққа қосатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккерлерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады;

•Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;

•Компьютерлердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам мен дәптер ғана болуы тиіс;

•Пернелік тақта үстіне артық заттар қоюға болмайды;

•Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды.

Оқушы компьютермен жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын орындау ережесімен танысқандығы туралы журналды толтырады.

Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары:

•Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек;

- Жұмыс жасау кезінде сымдарының дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлінуі керек.

- Жұмыс орнына бекітілген тіркеу журналына керекті мағлұматтарды енгізіп, белгі жасау қажет.

Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:

- ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;

- Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;

- Көз шаршаған жағдайдағы орынынан тұрмай-ақ көз жаттығуларын орындауға болады;

- Электр тогымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді білу қажет;

- Көз жаттығуларын білу міндетті.

Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

- Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иісі шықса немесе өзге дыбыс пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек;

- От сөндіруде көмек көрсету қажет;

- Электр тогымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек;

- Компьютерлік сыныпта өртті сумен сөндіруге болмайтынын білу керек. Оған құм және т.б. өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарын пайдалануға болады;

- Электр тогының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әртүрлі материалдарды пайдалану арқылы босатып алуға болады.

ДҚ-мен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігінің ережесінің талаптары:

- Мұғалімнің нұсқауы бойынша аппаратты өшіру;

- Жұмыс орнын ретке келтіру;

- Жұмыс орнындағы тіркеу журналына белгі қою.

Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі

1. Жалпы техника қауіпсіздігі ережесіне қойылатын талаптар төмендегідей:

- Ø Компьютерді тоққа қасатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккерлерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады;

- Ø Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды;

- Ø Дербес компьютерде суланған қолмен және дымқыл киіммен жұмыс істеуге болмайды;

- Ø Дербес компьютердің жанына портфельдер, сумкалар, кітаптар қоюға тыйым салынады. Үстелде қалам емн дәптер ғана болуы тиіс;

Ø Пернелік тақта үстіне артық заттар қоюға болмайды, компьютерлік сыныпта жүгіруге, ойнауға, жанындағы құрбыларын алаңдатуға, бөгде жұмыстармен шұғылдануға тыйым салынады.

2. Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары:

Ø Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғандығына көз жеткізу керек;

Ø Жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлінуі керек.

3. Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережесіне қойылатын талаптар:

Ø ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек;

Ø Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;

Ø Көз шаршаған жағдайдағы орынынан тұрмай-ақ көз жаттығуларын орындауға болады;

Ø Электр тогымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді білу қажет;

4. Апаттық жағдайдағы техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

Ø Жұмыс жасап отырған кезде дербес компьютерден ақау табылса, күйік иісі шықса немесе өзгеше дыбыс пайда болса, онда машинамен жұмысты тоқтатып, мұғалімге хабарлау керек;

Ø От сөндіруде көмек көрсету қажет;

Ø Электр тогымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек;

Ø Компьютерлік сыныпта өртті сумен сөндіруге болмайтынын білу керек. Оған құм және т.б. өрт сөндіргіш құрал-жабдықтарын пайдалануға болады;

Ø Электр тогының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әртүрлі материалдарды пайдалану арқылы босатып алуға болады.

5. Дербес компьютермен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігі ережесінің талаптары:

Ø Мұғалімнің нұсқауы бойынша аппаратты өшіру;

Ø Жұмыс орнын ретке келтіру;

Ø Жұмыс орнындағы тіркеу журналына белгі қою.

Электр тогымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету

1. Тоқты өшіру (щиттағы батырманы басу арқылы)

2. Зақымданушыны тоқ әсерінен (сымнан) босату;

3. Дәрігер шақыру;

4. Зақымданушыны қарап шығып, оған алған жарақатына байланысты көмек көрсету;

I. Күйген жағдайда:

- Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (анальгин, валерьян және т.б.)
- Күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу;
- Зақымданған жерге суық су құю;
- Алдын ала жараланған жерді микроптар түспес үшін мөлдір жұқа қағазбен (целлофанмен) орау.

II. Есінен танып қалған жағдайда:

- Зақымданушыны жауырынымен тегіс жерге жатқызып, басын бір жағына қаратып, қырымен орналастыру керек;
- Нашатырь спиртіні иіскету керек.

III. Тыныс алысы тоқтаған жағдайда:

- Ауызды ашып тілдің орналасу жағдайын тексерту керек, егер ол күрмеліп қалса оны қолмен дұрыс қалпына келтіру керек;
- Дем алыс жағдайына келгенге дейін қолмен дем алдыру (ауызбен ауызға) немесе дәрігер келгенге дейін жаттығулар жасату.

Шаршағандағы қолданылатын жаттығулар

- Бас жаттығуларын жасау;
- Басты сағат тілі және керісінше бұрып айналдыру;
- Басты жан-жаққа, жоғары-төмен, оңға-солға бұру;
- Саусақтарды жұмып-ашу және қолдың білезігін босаңсыту;
- Денені босаңсыту және оны кетіріп ширықтыру;
- Көз жаттығуларын жасау.

Көзге арналған жаттығулар

• 1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып, содан кейін ашып жайбарақат ұстау;

- 1-6-ға дейін санай отырып, алысқа қарау қажет, 4-5 рет қайталау қажет;
- 1-4-ке дейін санай отырып, екі көзді оларға қатты күш салмай, бір-біріне қаратып, соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап 4-5 рет қайталау керек;

• 1-4-ке дейін санап, басты қозғамай, оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату, соңында 1-6-ға дейін санап, алысқа қарау. Осы тәрізді басты қозғамай солға, жоғары, төмен қарау керек.

• 1-6-ға дейін санай отырып көзқарасты диагоналі бойынша оң жақ жоғарыдан- сол жақ төменге аударып, сонан соң алысқа қарау; сонан соң сол жақ жоғарыдан-оң жақ төменге аударып, алысқа қарау. 4-5 рет қайталау. Көз гимнастикасын орындау кезінде жалпы дене гимнастикасын да жасауға болады. Тұрақты түрде көз және дене гимнастикасын жасау көзге түскен қысымды жеңілдетіп, денені сергітеді.

«Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері» бойынша тест сұрақтары

1. Есептеуіш техника кабинетіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады:

A. Кабинетке жүгіріп кіру

Б. Техника қауіпсіздік ережесін сақтау

В. Тек қана ақ халат киіп отыру

2. *Оқушы компьютермен жұмыс жасау кезінде техника қауіпсіздік ережесімен танысқандығы туралы нені толтырады?*

А. Журналды

Б. Кітаптарды

В. Жұмыс терезесіне арнайы папка ашып ішіне

3. *ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан неше см қашықта ұстау қажет?*

А. 20-40 см

Б. 35-55см

В. 60-70 см

4. *Көз шаршаған жағдайда не істеу керек?*

А. Орнынан тұрып дәрігерге қаралу керек

Б. Орнынан тұрмай-ақ көз жаттығуларын орындау қажет

В. Тез арада мұғалімнің көмегіне жүгіну керек

5. *Апаттық жағдайда қойылатын талаптар реті қандай?*

А. ЭЕМ-мен жұмыс жасау кезінде көзді экраннан 60-70 см қашықтықта ұстау керек; Сыныпқа кірушілермен орнынан тұрмай амандасуға рұқсат етіледі;

Б. Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғанына көз жеткізу керек; Жұмыс жасау кезінде сымдарының дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлінуі керек.

В. От сөндіруде көмек көрсету қажет; Электр тогымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек; Электр тогының әсерімен зақымданған адамды су қолмен ұстауға болмайтындығын білу қажет. Оны әртүрлі материалдарды пайдалану арқылы босатып алуға болады.

6. *Күйген жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек көрсету қызметін атап шығыңыз?*

А. Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (анальгин, валерьян және т.б.), күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу; зақымданған жерге суық су құю;

Б. Зақымданған жерге суық су құю; зақымданушыны жауырынымен тегіс жерге жатқызып, басын бір жағына қаратып, қырымен орналастыру керек.

В. Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (анальгин, валерьян және т.б.), күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу; зақымданған жерге суық су құю; алдын ала жараланған жерді микроптар түспес үшін мөлдір жұқа қағазбен (целлофанмен) орау.

7. *Есінен танып қалған жағдайда қандай алғашқы көмек көрсетіледі?*

А. Ауырғанда сездірмейтін дәрілер (анальгин, валерьян және т.б.), күйген жерге арнайы май (облепиха) жағу; зақымданған жерге суық су құю; алдын ала жараланған жерді микроптар түспес үшін мөлдір жұқа қағазбен (целлофанмен) орау.

Б. Зақымданушыны жауырынымен тегіс жерге жатқызып, басын бір жағына қаратып, қырымен орналастыру керек; нашатырь спиртіні иіскету керек.

В. Дем алыс жағдайына келгенге дейін қолмен дем алдыру (ауызбен ауызға) немесе дәрігер келгенге дейін жаттығулар жасату.

8. *Дербес компьютердің жанында тек не тұруға рұқсат етілген?*

- А. Дәптер мен қалам
- Б. Кітап пен дәптер
- В. Портфель мен қалам

9. *Дербес компьютерде жұмыс жасау алдындағы қауіпсіздік ережесінің талаптары қандай?*

А. От сөндіруде көмек көрсету қажет, электр тогымен зақымданған адамға алғашқы көмек көрсетуді білуі керек.

Б. Дербес компьютерді іске қосу кезінде оның сыртқы қорабының дұрыс жұмыс жасап тұрғандығына және сымдарының қатесіз жалғанғандығына көз жеткізу керек, жұмыс жасау кезінде сымдардың дұрыс жалғанғанына ерекше көңіл бөлінуі керек.

В. Компьютерді тоққа қасатын сымдарға, қос тілді розеткілерге, штеккерлерге тиісуге және жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады; мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және кіруге болмайды;


10. *Жұмыс соңындағы талаптар мен ережелерді ата*

А. Көз шаршаған жағдайдағы орынынан тұрмай-ақ көз жаттығуларын орындауға болады; электр тогымен зақымданған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдерін, от сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді білу қажет.

Б. Жұмыс орнын ретке келтіру, компьютерді келесі сабаққа дейін қосулы күйде қалдыру.

В. Мұғалімнің нұсқауы бойынша аппаратты өшіру; жұмыс орнын ретке келтіру; жұмыс орнындағы тіркеу журналына белгі қою.

Microsoft Power Point бағдарламасында «Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік техникасының ережелері» атты презентация жасау



Оқушының дербес компьютермен жұмыс жасау кезіндегі техника қауіпсіздігінің ережелеріне қойылатын талаптар:

- ЭЕМ-нің жұмыс жасау кезінде көзді жұмыны 50-70 см қашықтықта ұстау керек;
- Сыныпта құрылғының арнайы жұмысшылар ұрпағын өсініді;
- Екі жұмысшы жағдайында еркіннен жұмыс жасау жұмысшыларын ұсынады болып;
- Елеуір тастықтың қашықтығы жағдайында алғашқы көмек көрсету тастықтарын, оны сәуірде құрылғысымен жұмыс істеуді біле білетін;
- Көз жұмысшыларын біле білетін.




ДК-мен жұмысты аяқтаған кездегі техника қауіпсіздігінің ережелерінің талаптары:



- Мұғалімнің нұсқауы бойынша аппаратты өшіру;
- Жұмыс орнын ретке келтіру;
- Жұмыс орнындағы тіркеу журналына белгі қою.

Бақылау сұрақтары:

1. Информатика кабинетінде қандай техникалық қауіпсіздік ережелер сақталады?
2. Қолданушы дербес компьютермен жұмыс жасау кезінде қандай талаптар орындалу керек?
3. Көзге қандай жаттығулар жасалады?
4. Электр тогына күйген жағдайда қандай алғашқы көмек көрсетіледі?
5. Шаршағанда қандай жаттығулар орындалады?
6. Апаттық жағдайда қолданылатын қауіпсіздік шараларды ата?

1 Бөлім

Тақырып 1.1 Microsoft Excel бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері. Мәлімет қорын құру.

Мақсаты: EXCEL бағдарламасында формула енгізу мен график, диаграммамен жұмыс істеуді меңгеру

Құрал-жабдықтар: Дербес компьютер, пернетақта, монитор, тышқан, жүйелік блок, әдістеме

Жоспар:

1. EXCEL бағдарламасына жалпы шолу

2. EXCEL бағдарламасында есептеулер жүргізу, формула енгізу, кестені рәсімдеу
3. график пен диаграмма құру

EXCEL-бұл өте қуатты және жоғары интеллектуалды кестелік редактор: электрондық кестелерді құру және өңдеуге арналған программа.

EXCEL қарапайым кестелермен ғана жұмыс істемейді. Кесте ұяшықтарын цифрлармен, мәтінмен, графикамен толтыруға болады. Сонымен қатар EXCEL графиктер мен диаграммалар құрастыра алады (оны қарапайым кестені түрлендіру арқылы алуға болады).

EXCEL байланыс механизмі бір беттің ғана емес, бүкіл кітаптың шегінде тоқтаусыз жұмыс істейді.

Ұяшықтардың бір-бірімен байланысын ғана емес, EXCEL сонымен қатар пайдаланушыларға сұрыптаудың үлкен мүмкіндіктерін ұсынады.

EXCEL негізгі терминдері

EXCEL қосылған кезде құжат терезесінде бос жұмыс кітабы пайда болады. **Жұмыс кітабы**- EXCEL-дің мәліметтерді сақтау және өңдеу үшін қолданатын негізгі құжаты. Жұмыс кітабы жеке **жұмыс беттерінен** тұрады, олардың әрқайсысында мәліметтер болуы мүмкін. Үнсіз келісім бойынша әрбір жаңадан құрылған жұмыс кітабы 3 жұмыс бетінен тұрады, олардың санын өзгертіп отыруға болады.

Microsoft Excel-дегі кітап **файл** болып табылады. Әрбір кітап бірнеше беттен тұра алатындықтан, бір файлда түрлі мәліметтер салып, олардың арасында қажетті байланыстар орнатуға болады.

Жұмыс беттері мәліметтерді ұйымдастыру және талдау үшін қажет. Мәліметтерді бір уақытта бірнеше бетте енгізіп, өзгертіп отыруға болады, сонымен қатар бірнеше беттегі мәліметтерге сүйене отырып, есептеулер жүргізуге болады.

Әрбір жұмыс беті 256 бағаннан және 65536 жолдан тұрады.

Бағандар латын әріптерімен белгіленген: А-дан Z-ке дейін, әрі қарай AA-дан AZ-ке дейін, сосын BA-дан BZ-ке дейін т.с.с IV-ке дейін.


Жолдар араб цифрларымен белгіленген. Жолдар мен бағандар бөлінген, олардың қиылысулары ұяшықтарды құрастырады, оларды жұмыс бетінде көрсетілген барлық ақпарат орналасады. Әрбір ұяшықтың қиылысқан жол мен бағанға сәйкес өз белгіленуі болады. Осылайша, әрбір ұяшықтың латын әрпінен және саннан тұратын адресі болады. Мысалы C5-бұл C баған мен 5 жолдың қиылысуындағы ұяшық адресі.

Нәтижесінде көптеген торларға (ұяшықтарға) бөлінген бет аламыз. Бұл беттерді кез келгенмен толтыруға болады-мәтінмен, сандық мәнмен, графикамен.

Жұмыс бетінің терезесінің төменгі жағында беттер ярлықтары орналасқан, олар жұмыс кітабындағы қажетті беттерді таңдауға мүмкіндік береді. Олардың бастапқы аттары **Лист1**, **Лист2** және т.б.

Кестелерді құрудың негізгі ережелері.

Excel-де кестелерді құру жұмыс бетінде орындалады. Жұмыс кітабын ашқанда бірінші беттің A1 ұяшығы белсенді болады. Белсенді ұяшықтың баған мен юолдың тақырыпшаларының тізбегінен тұратын адресі формула жолының сол жағында-ат өрісінде көрсетіледі.



Жұмыс кітабында әрқашанда ұяшыққа нұсқағыш болады. Ұяшықты белсенді ету үшін, оны шерте керек. Ұяшық нұсқағышын пернетақтаның көмегімен жылжыту үшін курсорды басқару пернелері қолданылады.

[Page Up] пернесін басқанда кестенің көрінетін бөлігі бір экранға жолдар нөмірлері азайған жаққа қарай көтеріледі, ал [Page Down] пернесін басқанда-кері жаққа көтереді. [Alt+Page Down] пернелер комбинациясын басқанда кестенің көрінетін бөлігі бағандар нөмірлерінің өсу жағына қарай ауысады.

Белгіленген ұяшықтар

Ұяшықты белгілеу үшін тышқанмен шерту жеткілікті. Шерткен кезде тышқан нұсқағышы ашық түсті қасу белгісі түрінде пайда болуы қажет.

Ұяшыққа мәлімет енгізу.

Ұяшықтың біреуіне мәлімет енгізу үшін оны белгілеу қажет және курсордың нұсқағышының пайда болуын күтпестен пернетақтадан мәлімет енгізуге болады. Жалпы электрондық кестенің мәтіндік редактордан айырмашылығы ұяшыққа мәліметті енгізгеннен кейін бекіту керек. Сіз программаға нақты ұяшыққа мәліметті енгізіп болғаныңызды түсіндіру қажет. Мәліметтерді бекітудің бірнеше жолдары бар:

Enter батырмасын басу арқылы.

Тышқан батырмасымен басқа ұяшықты басу арқылы.

Пернетақтада орналасқан басқару батырмаларын қолдану арқылы.

Сонымен мәліметтерді ұяшыққа енгізу ғана емес, оларды бекітуіміз керек.

Формула жолы.

Ұяшыққа мәліметті енгізгеннен кейін формула жолында үш функционалды батырмалар пайда болады:

- «Қайтару» командасын орындау үшін қызмет көрсетеді.

- «Енгізу» командасын орындау.

=- формула енгізуге мүмкіндік береді.

Жолдар мен бағандарды белгілеу

Бағанды толығымен белгілеу үшін баған тақырыбын тышқанмен шерту жеткілікті. Жолды толығымен белгілеу үшін жол тақырыбын тышқанмен шертеміз.

Ұяшық аралықтарын белгілеу.

Ұяшық аралықтарын екі жолмен белгілейміз:

1. Тышқан көмегімен: тышқанның сол жақ батырмасын басып тұрып, нұсқағышты ұяшықтың аралық шегінің жоғарғы көлденеңнен және оң жақ тігінен батырмасын басып отырып ұяшық аралықтарын көрші екі жағына кескін жүргізуге болады.

2. Пернетақта көмегімен нұсқағыш батырмаларын қолдана отырып жоғарыдағыдай әдісті қолдануға болады.

Ұяшық мазмұнын толтыру.

Егер мәліметі бар ұяшықты белгілеп және сол ұяшыққа пернетақтадан жаңа мәлімет енгізетін болсақ онда ұяшықта жаңа мәлімет қалып, соңғы мәлімет өшіріліп қалады.

Ұяшыққа мәліметтерді толтырудың екі жолы бар:

1. Ұяшыққа тышқанды екі рет шерту арқылы мазмұнын редактрлеу режиміне түсуге болады. Бұл ұяшықта мәтіндік курсор пайда болады. Енді өзгерту енгізіп, мәліметтерді бекітуге болады.

2. Ұяшықтың мазмұна Формула жолында қайталаңады. Мәтіндік курсорды Формула жолында тышқанмен екі рет шерту арқалы орнатуға болады. Енді формула жолына өзгертулер енгізуге болады. Содан кейін мәліметтердің қорытынды нұсқасын формула жолындағы жасыл белгісі бар «Енгізу» батырмасын басу арқылы бекіту қажет.

Егер мәтін ұзын стандартты жол бойымен болса, онда ұяшықтың толық мазмұнын Формула жолында қарап шығуға болады. Ол үшін мазмұнын көргіңіз келген ұяшықты белгілеп, Формула жолынан қарап шыға аласыз.

Сонымен, Формула жолының мүмкіндіктері:

1. Ұяшық мазмұнына өзгерістер енгізуге болады.
2. Егер мәлімет толық көрінбесе, ұяшық мазмұнын көріп шығуға болады.

EXCEL бағдарламасында ластаушы заттарды формула бойынша есептеу

Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың эмиссия төлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$$П = (M_i \times K_i) \times P,$$

Мұнда:

M_i – ластаушы зат , т/жыл;

K_i – 1 тонна үшін төлем қойылымы, МРП;

P – 1 МРП=1731 теңге, 2013 жыл.

Берілген мәліметтердің барлығын Excel бағдарламасына көшіріп аламыз. Алынған мәліметтердің барлығын формула бойынша нәтижесін есептейміз, ол үшін формуланы енгіземіз. Ұяшыққа =D2*\$B\$29 енгіземіз. Осы арқылы тастандылар төлемін теңгеге шаққандағы мөлшерін анықтаймыз.

№	Ластаушы заттардың түрлері	Ластаушы зат т/жыл	1 тонна үшін төлем қойылымы, МРП	Тастандылар төлемі теңгеде	Салық сомасы, теңге
1	Дитемір триоксиді	0,011892	18	31158	370,530936
2	Қорғасын және оның қосылыстары	0,0000263	2391,6	4139859,6	108,8783075
3	Хром	0,000255	478,8	828802,8	211,344714
4	Азот диоксиді	4,1391361	12	20772	85978,13507
5	Аммиак	0,007169	14,4	24926,4	178,6973616
6	Азот оксиді	0,667	12	20772	13854,924
7	Күйе	0,325	14,4	24926,4	8101,08
8	Күкірт диоксиді	7,644945362	12	20772	158800,8051
9	Күкіртсутек	0,0009847	74,4	128786,4	126,8159681
10	Көміртегі оксиді	18,07689915	0,192	332,352	6007,893588
11	Метан	0,7115298	0,012	20,772	14,77989701

Сурет 2.1

Салық сомасын анықтау үшін $=E2*C2$ енгіземіз, осы арқылы берілген заттардың сомасын анықтаймыз. Мәзірден Формулы→Автосумма таңдап жалпы барлық берілген төлемді табамыз.

Кесте 2.1

2013 жыл бойынша атмосфераға шығарылатын ластаушы

№	Ластаушы заттардың түрлері	Ластаушы зат т/жыл	1 тонна үшін төлем қойылымы, МРП	Тастандылар төлемі теңгеде	Салық сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6
1	Дитемір триоксиді	0,011892	18	31158	370,530936
2	Қорғасын және оның қосылыстары	0,0000263	2391,6	4139859,6	108,8783075
3	Хром	0,000255	478,8	828802,8	211,344714
4	Азот диоксиді	4,1391361	12	20772	85978,13507
5	Аммиак	0,007169	14,4	24926,4	178,6973616
6	Азот оксиді	0,667	12	20772	13854,924
7	Күйе	0,325	14,4	24926,4	8101,08
8	Күкірт диоксиді	7,644945362	12	20772	158800,8051
9	Күкіртсутек	0,0009847	74,4	128786,4	126,8159681
10	Көміртегі оксиді	18,07689915	0,192	332,352	6007,893588
11	Метан	0,7115298	0,012	20,772	14,77989701

заттардың эмиссия төлемі

12	C1-C5 шегіндегі көміртегі қосылысы	0,06154	0,192	332,352	20,45294208
13	C6-C10 шегіндегі көміртегі қосылысы	0,02275	0,192	332,352	7,561008
14	Пентилендер	0,0022745	0,192	332,352	0,755934624
15	Бензол	0,0020925	0,192	332,352	0,69544656
16	Ксилол	0,0062174	0,192	332,352	2,066365325
17	Метилбензол (Толуол)	0,0116956	0,192	332,352	3,887056051
18	Этилбензол	0,00133681	0,192	332,352	0,444291477
19	Формальдегид	0,0012962	199,2	344815,2	446,9494622
20	Минералды мұнай майлары	0,288	0,192	332,352	95,717376
21	C12-19 шегіндегі көмірсутегі	1,52664761	0,192	332,352	507,3843865
22	Өлшенді заттар	0,004115448	6	10386	42,74304293
23	Шаң	5,896278	6	10386	61238,74331
24	Абразивті шаң	0,00255	6	10386	26,4843
	Барлығы	39,41163148		5620093,092	336147,7698

EXCEL бағдарламасында диаграммалар құрастыру

Ластаушылар тобына график құру үшін Excel бағдарламасында құрған кестенің «С» жолағын толығымен ерекшелеп алдым.

	A	B	C	D	E	F
4	3	Хрен	0,000210	478,8	0,28802,8	211,394754
5	4	Алиг донкани	4,2391381	32	30772	85978,12587
6	5	Аюшы	0,007189	144	24036,4	176,6971438
7	6	Алиг елкан	0,667	32	30772	13854,824
8	7	Кубе	0,327	144	24036,4	8101,88
9	8	Кудурт донкани	7,044447162	32	30772	158889,6551
10	9	Кудурт етте	0,0009847	144	128784,4	126,8159481
11	10	Кемартег аюкка	18,07889915	0,192	332,352	6007,893588
12	11	Метан	0,7113284	0,012	20,772	14,77969781
13	12	C1-C5 донкани көмүртен кысымасы	0,00134	0,192	332,352	20,45294388
14	13	C6-C10 донкани көмүртен кысымасы	0,02270	0,192	332,352	7,361088
15	14	Пентакантар	0,0022745	0,192	332,352	0,753924624
16	15	Вензол	0,0020925	0,192	332,352	0,69344656
17	16	Кислот	0,0982174	0,192	332,352	2,66685325
18	17	Метанбензол (Толуол)	0,0116918	0,192	332,352	3,882056651
19	18	Этанбензол	0,0013503	0,192	332,352	0,444291427
20	19	Формальдегид	0,0017967	199,2	644811,2	346,9494622
21	20	Минералды мунай майлары	0,288	0,192	332,352	86,717178
22	21	C12-C19 донкани көмүртен кысымасы	1,5266676	0,192	332,352	507,5843885
23	22	Өлкөнүн газдар	0,064113448	0	20388	42,74004283
24	23	Шап	0,890278	0	20388	8128,74312


Сурет 2.2

Кейін бағдарламаның меню қатарынан Вставка бөлімінен график батырмасын басу арқылы график түрін таңдадым.

Сурет 2.3

Кейін бағдарламаның меню қатарындағы формат бөліміндегі «стиль фигур» және «стиль WordArt» батырмаларының көмегімен графиктің стилін және ондағы сызбаның түстерін өзгерттім.

Сурет 2.6



Сурет 2.7



Сурет 2.8

Бақылау сұрақтары:

1. MS Excel бағдарламасының мүмкіндіктері?
2. MS Excel бағдарламасының терезе элементтері?
3. MS Excel бағдарламасының негізгі элементтері?
4. Ұяшық дегеніміз не?
5. Электронды кесте форматтау жолдары?
6. MS Excel бағдарламасында диаграмма құру жолдары?
7. MS Excel бағдарламасының құжатының атауы?
8. Ұяшық адресі дегеніміз не?

2 Бөлім

Тақырып 2.1 Microsoft Word бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері

Мақсаты: Microsoft Word тексттік редакторында тексті теру, форматтау, абзацтарды редакторлеу және құжаттарды сақтауды үйрену

Құрал-жабдықтар: Дербес компьютер, әдістеме

Жоспар:


1. Microsoft Word бағдарламасының мүмкіндіктері: бет параметрі, диаграмма мен график құру

2. Статистикалық есептің жазылуы

Бет жақтау араларын өзгерту

Егер бөлімдерге бөлінген барлық құжатта жақтау араларын өзгертсеңіз, бастамастан бұрын бүкіл құжатты таңдау үшін CTRL+A пернелер тіркесімен басыңыз.

1. **Бет орналасуы** қойындысының **Бет өлшемдері** тобында **Жақтау жолақтар** түймешігін нұқыңыз



2. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Қажетті жақтау арасы түрін таңдаңыз. Ең көп қолданылатын жақтау арасы енін пайдалану үшін **Қалыпты** параметрін таңдаңыз.

- **Пайдаланушы жақтау аралары** параметрін таңдап, **Жоғарыдан, Төменнен, Сол жақтан және Оң жақтан** жолақтарында жақтау араларына жаңа мәндер енгізіңіз.

Әдепкі жақтау араларын өзгерту

Microsoft Office Word бағдарламасында жаңа бос құжаттарға пайдаланылатын әдепкі жақтау араларын өзгерте аласыз.

- Құжатқа жаңа жақтау араларын таңдағаннан кейін, «Бет параметрлері» тобынан жақтау Жақтау аралары пәрменін қайта таңдап, одан кейін **Пайдаланушы жақтау аралары** дегенді нұқыңыз.

- **Бет параметрлері** тіл қатысу терезесінен **Әдепкі** параметрін таңдаңыз.


Жаңа әдепкі параметрлер құжаттың негізі болып табылатын үлгіге сақталады. Ол үлгіге негізделген әрбір жаңа құжат автоматты түрде жаңа жақтау арасы параметрлерін пайдаланады.

Жол аралығын өзгерту

Егер жол үлкен мәтін таңбасынан, сызбадан немесе өрнектен тұрса, Microsoft Office Word бағдарламасы сол жолдың аралығын үлкейтеді.

1. Жол аралығы өзгертілетін ежені таңдаңыз.

2. **Өзіндік** қойындысының **Еже** тобында **Жол аралығы** түймешігін нұқыңыз.



3. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- Жаңа параметрді қолдану үшін қалаған жол аралығы санын нұқыңыз, Мысалы, егер **1,0** санын нұқысаңыз, бөлектелген мәтін жалғыз аралықты болады.

- Дәлірек аралық өлшемін орнату үшін **Жол аралығы параметрлері** параметрлері параметрін таңдап, **Жол аралығы** мәзірінде қалаған параметрлерді таңдаңыз.

Жол аралығы параметрлері

Жеке. Бұл жолда параметр ең үлкен қаріп және қосымша аралықтың кіші мөлшерін сыйғызады. Қосымша аралықтың мөлшері пайдаланылатын қаріпке қарай өзгеріп оиырады.

1,5 жол. Осы параметр жалғыз жол аралығының бір жарым есесі болып табылады.

Екі есе. Осы параметр бір жол аралығының екі есесі болып табылады.


Кемінде. Осы параметр жолдағы ең үлкен қаріпті немесе сызбаны қиыстыруға тқажет ең кіші жол аралығын орнатады.

Дәл. Осы параметр Word бағдарламасы лайықтамайтын белгілі бір жол аралығын орнатады.

Бірнеше. Осы параметр белгіленетін пайыздық мөлшермен бір аралықтан үлкейтілетін немесе кішірейтілетін жол аралығын орнатады. Мысалы, 1,2 жол аралығын орнату аралықты 20 пайызға үлкейтеді.

Статистикалық есептің жазылуы

Статистикалық құрар алдында тәжірибенің екінші күнінде жүргізілген ластаушы заттардың көздерін анықтау мақсатында құрдық. Ол үшін арнайы жеке Microsoft Word бағдарламасын ашып аламыз.



Пайда болған бағдарламамызға арнайы қаріп түрін Times New Roman және өлшемін таңдап алып мәліметтерді енгіздім



Тапсырма:

Тапсырма 1 .

1. Берілген мәтіндегі тиісті сөздерді орысшадан аударып, көшіріп жаз.
2. Қаріп өлшемі-14, Times New Roman, мәтінді көк түспен, екі шетінен туралау керек.

Қазақ(язык)-(государственный) тіл. Қазақстанда тұратын (нация(ы) басқа (народ)тар да қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. (Они) қазақ тілін (кружок)лерде, (общество)дарда, (школа)тер мен институттарда оқып біледі. Қазақстанда (много)теген ұлт (представитель)дері тұрады. Олар Қазақстанды өз (народ)і санайды. (Но) өз (родной язык)ін ұмытпауға тырысып үйренуде. Қазақстан – көп (нация)ты мемлекет. Көп ұлтты мемлекет үшін (государственный) тіл өте қажет. Мемлекеттік тіл – көп ұлтты елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы.

Тапсырма 2: Әртүрлі типтегі тізімдер жаса.




Жұмыс барысы:

1. Қағаз бетінің параметрлерін орнат: сол жиегі –2см., оң жағы –1,5см., жоғарғы және төменгі жақтары –1см. Қаріпөлшемі 12, Times New Roman.
2. Маркерленген тізім

Мысал № 1

- ☞ Принтер;
- ☞ Сканер;
- ☞ Плоттер;

Мысал № 2

-  Жүйелік блок;
-  Монитор;
-  Пернетақта.

Номерленген тізімдер

Мысал № 3

- 1] Жүйелік бағдарламалар;
- 2] Қолданбалы;
- 3] Құралдық.

Мысал № 4

- I. Операциялық жүйе
- II. Программа-қабықша
- III. Программалар – драйверлер

Мысал № 5

1. Операциялық жүйе
2. Программа-қабықша
3. Программалар – драйверлер

Көпдеңгейлі тізімдер

Мысал № 6

1 Жүйелі блок

I) Аналық тақша

- Процессор;
- BIOS;
- Арифметикалық-логикалық құрылғы

II) Дисктегі

- 3,5 дюймдық;
- CD-ROM

III) Блок питания

IV) Вентилятор

2 Монитор

I) Корпус

II) Кинескоп.

Тапсырма 3: Келесі формулаларды жаз.


$$1. \sum_{k=1}^{\infty} (-1)^k \cdot \frac{x^{2k+1}}{(k+1)!} \cdot \sqrt[5]{x};$$

$$2. \lim_{k \rightarrow m} \sum_{k=m}^p (-1)^k \cdot \frac{x^{2k+1}}{(k-1)!};$$

$$3. \sum_{k=m}^p (-1)^k \sqrt{x} \cdot \int \frac{x^{2k+1}}{(k-1)!} dx \Rightarrow \lim_{k \rightarrow m} \sum_{k=m}^p (-1)^k \cdot \frac{x^{2k+1}}{(k-1)!}$$

Тапсырма 4:


- Суреттер жинағынан кез келген түрде картинка құр (еркін түрде).



- Paint-те сурет салып, оны өз файлдарыңмен бірге сақта.

Жұмыс барысы:

- Сурет қою **Вставка \ Рисунок \ Картинки** (MS Office жинағынан) командасы (құжатқа суретті графикалық файлдардан алып қоюға болады) арқылы орындалады.
- Жұмыс құжатына **Вставка \ Рисунок \ Из файла** командасы арқылы салған суретінді қой



Тапсырма5. WordArt көмегімен орында.

жарнама
агенттігі

Тапсырма 6

Қазақстанның ресми мейрамдары.

01.01 – Жаңа жыл.
02.01 – Жаңа жыл.
08.03 – Халықаралық әйелдер күні.
22.03 – Наурыз мейрамы.
01.05 – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі.
09.05 – Жеңіс күні.
30.08 – Конституция күні.
16.12 – Тәуелсіздік күні.

Мамандар және ресми емес мейрамдар.

14.02 – Әулие Валентин күні.
16.03 – Республика гвардиясы күні.
01.04 – Күлкі күні.
15.05 – Халықаралық отбасы күні.
01.06 – Балаларды қорғау күні.
05.06 – Қоршаған ортаны қорғау күні.
15.06 – Медицина қызметкерлерінің күні.
22.06 – Қазақстан полициясы күні.
27.06 – Жастар күні.
28.06 – Баспа күні.
13.08 – Спорт және туризм күні.
01.09 – Білім күні.
02.09 – Бүкіләлемдік сұлулық күні.
22.09 – Тіл күні.
05.10 – Мұғалімдер күні.
22.12 Энергетиктер күні

Бақылау сұрақтары:

1. MS Word бағдарламасының мүмкіндіктері?
2. MS Word бағдарламасының терезе элементтері?
3. MS Word бағдарламасында мәтінді форматтау дегеніміз не?
4. Мәтіннің жол аралағын қалай өзгертуге болады?
5. MS Word бағдарламасын тізімнің қандай түрлерін құруға болады?
6. Құжатты баспаға жіберу командасы?

3 Бөлім

Тақырып 3.1 ПК ЭРА бағдарламасымен танысу

Мақсаты: ПК-ЭРА бағдарламасын меңгеру

Құрал-жабдықтар: Дербес компьютер, әдістемелік нұсқау

Жоспар:


1. ПК ЭРА бағдарламасы жайлы жалпы түсінік
2. Әдістемелік нұсқаумен жұмыс істеу

Жұмыс барысы:

ПК-ЭРА-ШМШ, ҚОҚ, ҚОӘБ (ПДВ, ООС, ОВОС) жоба нормативтерін өңдеуге негізделген бағдарлама. Бұл бағдарлама Р 2.1.10.1920-04 «Қоршаған ортаны ластаушы заттарды және тұрғындардың денсаулығына химиялық заттардың қауіп төндіруін бағалау басшылығы» бойынша негізгі жағдайларды жүзеге асырады (ҚР үшін «Тұрғындардың денсаулығы үшін қоршаған ортадағы химиялық факторлардың қауіп төндіруін бағалау бойынша әдістемелік нұсқау»). Бағдарлама атмосфералық ауаны (ингаляциялық әсер) ластайтын химиялық заттардың әсері кезіндегі халық денсаулығына қосымша қауіп төндіруді есептейді.

1. Жалпы жағдайы


ПК Эра бағдарламасын қолдану кезінде шығарындыларды есепке алу, атмосферадағы шығарынды газдардың көлемдерін есептеу зонасынан анықтайды (есептеу тіктөртбұрышы, тұрғылықты мекен, санитарлы қорғау зонасында, есептеу нүктелері).



Сурет 4.1


Бағдарламада қауіптілікті есептеу меню жолағынан **Меню объекта** функциясын таңдау арқылы жүргізіледі.

«Қауіптілік» блок интерфейсінде сатылық есептеу процедурасы орналасқан. Кез келген сатыны аяқтамай келесі саты ашылмайды, ал кез келген аяқталған сатыдан алдыңғы сатыға өтуге болады.



Сурет 4.2


Сонымен қатар жұмысты батырмалар көмегімен орындауға болады. [F7-Далее] (F7) алдыға жылжуға мүмкіндік береді. [F6-Назад] (F6) артқа жылжуға мүмкіндік береді. Esc-Прервать (Esc) процесті тоқтады.



2. Тұрғындардың денсаулығы үшін қауіптілікті бағалау есебі

2.1 0 саты – Бастапқы


0 саты – Бастапқы этапында сізге атмосфералық ауаны ластаушыларға есептеу (өлшеулер) жүргізілген бастапқы берілген көзді және есептеу аймағын көрсетуіміз керек.



Сурет 4.3

2.2 ПКЭРА бастапқы берілгендердің және ластаушы заттардың концентрациясын есептеу

Егер халық денсаулығының қауіптілік деңгейі ПК ЭРА ластағыштардың есептелу негізінде есептеледі деп жобаланса, онда сізге ластаушы заттардың таралуы есептелген үлгіні таңдауға тура келеді. Аса қатты эффекті қауіптілік үшін-қысқа үлгі, канцерогенді және созылмалы эффект үшін-орташа жылдық үлгі таңдалынып алынады. Халықтың денсаулығына қауіптілікті есептеу үшін **есептеу аймағы** таңдалады. Есептелу аймағы тікбұрыш (прямоугольник), санитарлы қорғау аймағы, тұрғылықты аймақ, есептеу нүктелерін тіркеуден тұрады.



Сурет 4.4


Ары қарай келесі бөлімдерге өту үшін [F7- Далее] таңдалады. Келесі орындау реті : **1 саты – Қауіптілік идентификациясы.**

Егер сіз берілген негізде ластаушы концентрацияны басқа көздерден алып есептеулер жүргізсеңіз, онда топологиялық ауданның негізінде есептеу нүктелерін шамамен анықтау керек. Есептеу нүктелері ЭРА-Лорд графикалық редакторында анықталады.

Егер барлығын жасап болсаңыз онда қайта қосқыштан **Ввод концентраций, полученных из других источников** галочкасын орнатыңыз. Бұл жағдайда есептеу аймағын сізге тек қана Тіркеу нүктелері ғана тиесілі. Есептеу нүктесінің қажетті тобын таңдап [Далее] батырмасын басыңыз, келесі орындау қадамы **1 саты – Қауіптілік идентификациясы.**

2.2.3 Есептеу параметрлері

Есептеу параметрін өзгерту үшін [F2- параметры] батырмасын басыңыз.



Сурет 4.5

Канцерогенді емес эффекттің қауіптілік есебі берілген ластаушы затқа байланысты орындалады, егер оның максималды концентрациясының мәні есептеу аймағында есептеуге болатын зат концентрациясы Min RFC (ARFC) үлесінен аз болмаса.

Жеке қауіптіліктің шекті нормативтерінің мәні МАИР-мен бекітілген. Түрлі жағдайларға байланысты олардың мәндерін өзгертуге болады. [F2- стандартные] батырмасында бастапқы мәндер қайта қалпына келеді.

2.3 1 саты-Қауіптілік идентификациясы

Прямоугольник шаг1- Идентификация опасности

Перечень приоритетных загрязняющих веществ

✓	Код	Наименование	Индекс	Модель	Причина исключения	Примечание
